

ЖШС «Тілеухан Бөбек жай»  
Балабақшасының меңгерушісі  
Б.Х.Сансизбаева



ЖШС «Тілеухан Бөбек жай» балабақшасы  
2024-2025 оқу жылына арналған  
Консультациялық пункттің жұмыс жоспары

Мерзімі	Тақырыбы	Жауапты	Мақсаты
Қыркүйек	Жалпы ата-аналар жиналысы №1	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары	Жаңа оқу жылымен құттықтау, тегін тамақтану туралы хабарландыру жасау, жеке іс-қағаздарды толықтыру
Қазан	25-қазан – Республика күніне байланысты сұхбат жүргізу	Әдіскер, бөбекжай педагогтары	25-қазан – Республика күніне орай әлеуметтік желілерде ауыл адамдарымен, бөбекжай ата-аналарымен, мектеп оқушыларымен сұрақ-жауап, блиц сұрақтарын жүргізу.
Қараша	«Осы оқу жылы бөбекжайдан не күтесіздер?» сауалнама	бөбекжай педагогтары	Ата-аналармен қашықтан байланыс орнату, сауалнама нәтижесінде ата-аналар пікірлері мен ұсыныстарын негізге алып жұмысты жандандыру.
Желтоқсан	«Тәуелсіз елім» көрмесі. Көлемді, 3D макеттер, кескіндемелер, т.б.	Әдіскер, бөбекжай педагогтары	Тәуелсіздік қадірін түсіну үшін мемлекетіміздің басты символдарын өз қолдарымен дайындау, ата-аналарды білім беру процесіне тарту
Қаңтар	«Жасыл шырша жанында...» құттықтаулар челленджі	Әдіскер, бөбекжай педагогтары	Бөбекжай ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас жасау үшін челлендждер ұйымдастыру, құттықтау видеоларын жолдау.
Ақпан	«Бөбекжайдағы бір күнім»	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары	Ашық есік күндерін ұйымдастыру, бөбекжай өмірімен жақынырақ танысу, балалардың бір күндік іс-әрекетіне ата-аналарды тарту.
Наурыз	«Ханталапай»	Дене	Ұлттық салт-дәстүрімізді

	Ұлттық ойындар ойнаймыз	шынықтыру нұсқаушысы	жаңғырту мақсатында ата- аналарды, бөбекжай балаларының бауырларын қызықтыру мақсатында ұлттық ойындарды ойнату, байқаулар ұйымдастыру.
Сәуір	«Екінші өмір сыйла» қалдық материалдардан ойыншықтар, көрнекіліктер	әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары	Қалдық материалдар мен қолданбалы материалдарға екінші өмір сыйлап, балаларға арналған массажды жолдар, ойыншықтар, көрнекіліктер жасату. Ата- аналарды тығыз қарым-қатынас жасауға қызықтыру.
Мамыр	«Батыр елдің ұланымыз»	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары	Ұлы Отан соғысы, тың ардагерлері мен ауылдың ақсақалдарымен кездесу ұйымдастыру, Ауыл өмірімен таныстыру, ауыл ішіне саяхаттар жүргізу. Ауыл адамдарымен сұхбаттасу.